

5. Савин Н.В. Педагогика. - Алматы, 1983.
6. Теория и методика физического воспитания. // Под ред. Б.А.Ашмарина. - М., 1990.
7. Бастауыш сынып оқушыларын бейнелеу өнері арқылы эстетикалық тәрбиеге баулу.

Медиева С.Х.

*Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

## БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қазіргі таңда бастауыш мектепте оқыту барысындағы мәселелердің бірі-оқушылардың эстетикалық талғамын дамыту, сол арқылы олардың бойында адамгершілік, мейірбандық, имандылық қасиеттерін қалыптастыру. Әр баланың көркемдік ойлау қабілітін дамыта отырып, шығармашылық, қиял сезімін дамыту. Бастауыш сынып мұғалімдері эстетикалық тәрбиені кітап оқу, ән тыңдау, бейнелеу өнері мен театр, кино т.б. өнер түрлері арқылы көркем өнерге тарту, тағы басқа да жолдармен жүргізуге болатынын біліп қана қоймай, оны қалай жүзеге асыру тәсілдерін жан-жақты меңгеріп, жетілдіруі тиіс. Мұғалім эстетикалық тәрбиені балаларға өнер түрлерін меңгерту арқылы жүзеге асырады. Оқушы өзін қоршаған ортадан әсемдікті сезінуі, оны бағалай білуге талпынуы бүкіл жан дүниесіне, сезіміне әсер етеді. Төменгі сынып оқушыларына эстетикалық тәрбие берудің табысты болуы мұғалімдердің көркем талғам мен білімді игерту әдіс-тәсілдеріне байланысты. Қазіргі кезеңде бастауыш мектепте мұғалімдер эстетикалық тәрбиені халқымыздың озық, дәстүрлерін ескере отырып жүргізгендері жөн.

Бейнелеу өнері баланың ерте айналысатын іс-әрекеті. Бала өз ортасында көрген-білгенін сурет арқылы бейнелегісі келетінінен аңғаруға болады. Алғашқыда баланың салған суреті ешбір түсініксіз парақ шимайға толы болады. Білімді дұрыс жетекші ету барысында баланың алғашқы ұмтылысындағы жай шимайлары, бірте-бірте олардың суреттері пішіндік сипат алып, олар керекті біліммен қаруланады. Баланың бейнелеу өнері арқылы шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың нәтижелі болуы тыңдай білудің, тыңдап қана қоймай ұғып алуы мен белсенді іс-әрекет етуі арқылы іске асырылады. Шығармашылық – адамның өмірде өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек.

Баланың шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру, оны дамыту мәселелері де шетелдік психологтарды өткен ғасырдың 60 жылдарынан бастап қызықтыра бастады. Шығармашылық туралы пікірлер канадалық Том Вьюжек, ағылшын Д.Тэмон, А.Брэгдон сияқты психолог ғалымдардың еңбектерінде жалғасын тапты. Баланың шығармашылығын зерттеп, болжам жасауда Д.Гиллорд шығармашылық ойлаудың екі түрін бөліп қарайды. Олар: конвергенттік – логикалық ойлау (бір бағыттағы), дивергенттік балама ойлау (логикадан ауытқу). Конвергенттік ойлау тек бір ғана шешімді таба алатын, ал дивергенттік олардың пайымдауынша бірнеше шешімдер қабылдай алатын жағдайлар[1].

Оқыту үрдісінде мұғалім бейнелеу ерекшеліктерін әр уақытта нысана ету керек. Бейнелеу өнерін оқыту дегеніміз–бастауыш сынып оқушысының бойында шығармашылық іс-әрекет қалыптастырумен қатар аналитикалық, эстетикалық талдау жасай білу, сөйлей білу сияқты қасиеттерін де дамыту болып табылады. Сонда ғана бала бейнелеу өнері туындыларына терең үңіліп, ондағы адамгершілік, эстетикалық мәселелер байыбына бара алады. Мұражайлардағы өнер туындыларына сүйсіну, оларды талдау, сонымен қатар табиғатта серуендеу–баланың бейнелі ойға баруы.

Бастауыш сынып оқушысының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруда шығармашылық тапсырмалар өте ұтымды.

Оқушы неғұрлым көп болса, сұрақ-тапсырмалар оқушыларды қызықтыратын, ынталандыратын сипатта болса, соғұрлым баланың шығармашылық іс-әрекетінің қалыптасу деңгейі де арта түседі.

Сабақта және сабақтан тыс жұмыстарда берілген тапсырмалар тақырып бойынша сурет салу немесе бейнелеу өнері туындылары туралы әңгіме-сабақ болып қана қоймай, сабақ барысында, екі суретші шығармаларын талдап, салыстырулар жасатып отыру пайдалы. Өйткені салыстырулар арқылы оқушылар суретшілердің өзіндік ерекшеліктерін және әр суретшінің өзіндік қолтаңбасы барын байқайды.

Сұрақ тапсырмалар да суретшілер туындылары немесе халық шеберлері бұйымдарының эстетикалық табиғаты арқылы ондағы ойды ашуға бағытталуы тиіс.

Мұғалім оқыту үрдісінде оқушылардың өрісіне, дағдысына, бейнелеу өнерінің жанрлық ерекшелігіне (портрет, пейзаж, натюрморт т.б.) орай сұрақ-тапсырмаларды түрлендіріп беруіне, құрауына болады. Бірақ сол сұрақ-тапсырмалар арқылы баланы ойланып, ізденуге бағыттау қажет.

«Шығармашылық» сөзінің төркіні (этимологиясы) «шығару», «ойлап табу» дегенді білдіреді. Демек, жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу. Философиялық сөздікте «...шығармашылық-қайталанбайтын тарихи-қоғамдық мәні бар, жоғары сападағы жаңалық ашатын іс-әрекет», - деп түсіндіріледі.

Психолог Л.С.Выготский «шығармашылық» деп жаңалық ашатын әрекетті атаған. Өйткені әрбір жаңалық, әсіресе, интеллектуальдық тұрғыдағы болса, ол баланың психикасын жаңа сапалық деңгейге көтереді[3].

Өскелең ұрпаққа эстетикалық тәрбие беруде бастауыш мектептегі бейнелеу өнері сабағының алатын орны зор екендігі белгілі. Себебі бастауыш мектеп кезеңінде баланың эстетикалық мәдениетінің негіздері қолданылады. Балаларды әсемдікті сезініп, түсініп, қадірлей білуге баулу бейнелеу өнері сабағында эстетикалық тәрбие беру арқылы іске асырылады. Ол үшін біздің зерттеу жұмысымызда төмендегідей міндеттенер қарастырылады:

- бейнелеу өнер пәні арқылы оқушыларды әдемілікке әсемдікке деген сезімдерін жетілдіріп, жаңа сапалық деңгейге көтеру, эстетикалық мәдениетке тәрбиелеу;
- бейнелеу өнері пәні арқылы эстетикалық тәрбие берудің тиімді жолдарын анықтау;
- бастауыш мектеп кезеңінде эстетикалық тәрбиені ұйымдастыру деңгейін анықтау;
- оқушылардың көркем өнерге деген қызығушылығының шығармашылықпен ұштасуына көмектесу;
- бейнелеу өнері пәні бойынша бастауыш мектеп оқытушылары эстетикалық тәрбиелеу жолдарын анықтау.

Бастауыш мектепте бейнелеу өнері сабағында эстетикалық тәрбие беруде оқушылармен бірлесе отырып, олардың өнердегі әсемдік пен әдемілікті түсіну, байқай білу қабілетін дамыту үшін көптеген ұжымдық жұмыстар жүргізілсе, сабақ барысында ойындар мен көрнекіліктер («Түстерді ажырат», «Кім алғыр», «Үйлестіре біл», т.б. ойындар) тиімді қолданылса, оқушылардың табиғат сұлулығын, көркем өнер шығармаларын эстетикалық мәнде қабылдаулары күшейіп, сабақ сапалық жаңа деңгейге көтеріледі. Сапалы сабақтарды жүргізу нәтижесінде бастауыш мектеп оқушыларының эстетикалық танымы, білімі, талғамы артып қана қоймай, олардың әрбір жұмысы шығармашылықпен ұштасып отырады. Эстетикалық тәрбие біздің байқауымызда дүние жүзілік және ұлттық мәдениет салалары негізінде көркемділікке, әсемділікке, сезімталдыққа баулу жүйелерін қамтиды.

Эстетикалық тәрбие мәселелері көптеген ғалымдар еңбектерінде жан-жақты қамтылған. Оның жасөспірімдерді тәрбиелеудегі маңызы, эстетикалық тәрбие беру мәселелері В.В.Алексеева, А.В.Бакушинский, Г.В.Лабунская, Н.П.Сакулина, Б.П.Юсов, еңбектерінде қарастырылған халқымыздың ұлттық мәдени мұралары, қол өнері, сәндік өнертүрлерінің маңызы туралы Республика ғалымдары Б.Қазыханов, А.Қасымова, Ә.Тәжімұратов ғылыми еңбектерінде нақты көрсетілген. Эстетикалық имандылық, адамгершілік тәрбиесін қалыптастыруда ұлттық тәлім-тәрбие дәстүрлерін пайдалану Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, Ж.Наурызбаев, С.Қасиманов еңбектерінде көрсетілген. Кейінгі кездері бейнелеу өнері пәні

құралдары арқылы эстетикалық тәрбиеге тәрбиелеу С.Аманжолов, Ш.Әлібеков, Б.Әлмуханбетов, Б.Байжігітов, Ж.Балкенов М.Жанаев еңбектерінде орын алып жүр. Көптеген еңбектерде эстетикалық тәрбиенің мәні мен мазмұны қамтылып, оның тәрбиелеу жолдары әдіс-тәсілдері нақты көрсетілмейді. Сондықтан біз эстетикалық тәрбие беру мәселелерін жан-жақты қарастыруымыз қажет. Сонымен бастауыш мектепте оқыту барысында кезек күттірмейтін мәселенің бірі; көркем эстетикалық тәрбие, яғни оқушылардың эстетикалық талғамын дамыту, сол арқылы мейірбандық, имандылық қасиеттерін қалыптастыру; екіншіден, әр баланың ойлау қабілетін дамыта отырып, қиял-сезімін шарықтату болып табылады[2].

Баланың бейнелеу өнері арқылы шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың нәтижелі болуы тыңдай білудің, тыңдап қана қоймай ұғып алуы мен белсенді іс-әрекет етуі арқылы іске асырылады.

Бастауыш сынып оқушыларының жасы-шығармашылық іс-әрекетті қалыптастыруға нағыз қолайлы кез.

Бастауыш сынып оқушыларының кез-келгені (сурет салуда, ермексазбен жұмыс және т.б.) шығармашылық тапсырмаларды табысты орындай алады, тек оқу-тәрбие үрдісінде, олардың қызығушылықтарын арттырып, ынталандыру барысында іске асырылуы қажет.

Балалардың бейнелеу іс-әрекетінде олардың дүниеге көзқарасы, өз айналасына деген сүйіспеншілігі, олардың суреттерінде өрнектеледі.

Бастауыш сынып оқушысының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруда шығармашылық тапсырмалар өте ұтымды.

Оқушы неғұрлым көп болса, сұрақ-тапсырмалар оқушыларды қызықтыратын, ынталандыратын сипатта болса, соғұрлым баланың шығармашылық іс-әрекетінің қалыптасу деңгейі де арта түседі.

Сабақта және сабақтан тыс жұмыстарда берілген тапсырмалар тақырып бойынша сурет салу немесе бейнелеу өнері туындылары туралы әңгіме-сабақ болып қана қоймай, сабақ барысында, екі суретші шығармаларын талдап, салыстырулар жасатып отыру пайдалы. Өйткені салыстырулар арқылы оқушылар суретшілердің өзіндік ерекшеліктерін және әр суретшінің өзіндік қолтаңбасы барын байқайды.

Сұрақ-тапсырмалар да суретшілер туындылары немесе халық шеберлері бұйымдарының эстетикалық табиғаты арқылы ондағы ойды ашуға бағытталуы тиіс.

Мұғалім оқыту үрдісінде оқушылардың өрісіне, дағдысына, бейнелеу өнерінің жанрлық ерекшелігіне (портрет, пейзаж, натюрморт т.б.) орай сұрақ-тапсырмаларды түрлендіріп беруіне, құрауына болады. Бірақ сол сұрақ-тапсырмалар арқылы баланы ойланып, ізденуге бағыттау қажет.

Бейнелеу өнерінің барлық түрлері графика, живопись, мүсін, сәндік-қолданбалы өнері, сулет өнері, барлығы эстетикалық тәрбие негізі. Көркем өнер туындыларын түсініп сезіну, оның образдық мазмұнын қабылдау, өнер тілін меңгеру барлығы оқушылар эстетикалық талғамын дамытады [4].

Қоршаған ортамен таныстыру арқылы оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастыру бейнелеу өнері сабақтары түрлерінде іске асырылады. Әсемдіктің таптырмас бұлағының бірі- табиғат. Ол эстетикалық сезімнің, байқампаздықтың, қиялдың дамуына үлкен әсерін тигізеді.

Табиғат үйлесімділігінің, әсемдіктің, мәңгілік жаңарудың, әлемдік заңдылықтары әртүрлі болу, түстер, жарық сәулелер, көмегі арқылы балаларды әсемдік талғампаздық, әсерленушілік сезімге тәрбиелейді. Табиғатқа топ серуен жасаған кезде балалардың оның сұлулығын эстетикалық тұрғыда қабылдауы күшейеді, ерекше рухани серпеліс, сүйсіну сезімі туады, ойы мен қиялы дамиды. Жаратылыстың сұлу заттары бала жанында сұлулық сезімдерін оятады.

Үлбіреген түрлі түсті гүл, көк –жасыл орман-тоғай, сылдыраған су, шексіз-түпсіз көк теңіз, түрлі шөптермен, толқынданған дала, бұлтпен бел алысқан асқар тау, сұлу ай, жұлдызды түн, міне, осылар секілді жаратылыстың сұлу көріністері, жанды билеп әкететін

ән, күй, сиқырлы сөз, сұлу суреттер әсері баланың жанында бір сұлулық толқынын оятып тұрғызбай қоймайды. Егер оқушылар табиғатты қорғауға атсалысатын болса, табиғаттың эстетикалық ықпалы да айтарлықтай арта түседі. Міне, сондықтан да балардың табиғатты қорғау әрекеттеріне (күнделік жүргізуде, табиғат бұрышында, мектептің оқу-тәжірбие алаңында, табиғатта, үйде, жануарларды қорғауда, мектеп ауласын көгалдандыруда) эстетикалық бағыт беру керек.

Табиғатқа, қоршаған ортаға эстетикалық қатынасты тәрбиелеу үшін дүнижүзілік және ұлттық көркем туындылар (жазушылардың, композиторлардың, суретшілердің т.б.) мысалдарын, үлгілерін көрнекі қолдану қажет. Бастауыш мектеп оқушыларын табиғатқа серуендеуге шығарғанда, оларға әр қилы тапсырмалар орындатуға болады: заттың өзіне қарап суреттер салып, ұнаған жерлерді суретке түсіру. Табиғат- біздің өміріміздің сәні. Ол бізді мол шаттыққа кеңелтеді. Кең байтақ далаға, айнадай жарқыраған су айдынына, ұлы тауларға қарап, сүйсіне ләззат аламыз. Табиғат адамның бойына қуат, көңіліне шабыт, сезіміне ләззат шапағатын ұялататын сұлулық пен әсемдік әлемі. Сондықтан да оқушылардың эстетикалық танымын қалыптастыруда қоршаған ортаның әсері мол. Төменгі сынып оқушыларын эстетикалық тәрбиеге баулу туған табиғатты бейнелейтін көркем сипаттама мен көріністерді жақсы түсінуге негіз салады, оқушыларды суретке, қиып жапсыруға баулу, түстердің, сызықтардың тамаша келісті үйлесімділігін таңдай білу қабілетін дамытуға жәрдемдеседі[5].

Өнер қашанда қамқорлықты, оған асқан жауапкершілікпен, жанашырлықпен қарауды қажет етеді. Әсіресе, бастауыш мектепте бейнелеу өнері жүйелі оқыту жайы, оған жастай баулап тәрбиелеу ісі баршамыздың алдымызға байыпты міндеттер қояды. Сурет салуды сүйу -өмірді, табиғатты, айнала қоршаған ортаны сүйу. Ол мектеп оқушысының ақылын, ойын, парасатын, өсіреді, танымын кеңейтеді, ізгілікке, әсемдікке үйретеді. Өмірдегі келеңсіз құбылыстармен ымырасыз күресуге тәрбиелеп, халқына, еліне, жеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелейді.

Халық шеберлері ою-өрнек салу тәсілін белгілі- бір ізбен қалыптастыруда өз өнерін үздіксіз жетілдіру жолымен кейбір ою-өрнектердің композициясына, әшекейлейтін заттардың түріне қарай табиғи байланысты бейімдеп түрлендіріп отырады. Демек ою -өрнектермен әшекейлеп бейнелеушілік қандай уақытта болмасын халықтың дәстүр негізінде орындалады. Осы халық қолөнерінен туған бұйымдарды көрмелер мен мұражайларға сақтап қана қоймай, оны күнделікті сабақ барысында кеңінен қолдануы қажет. Бейнелеу өнері-ерте заманда пайда болып, барлық дәуірде өмір сүрген. Ол бірнеше түрге бөлінеді: кескіндеме, графика, мүсін, сәулет өнері және сәндік қолданбалы өнер. Сурет салуды үйрету әдістемесінде натюрморт кез-келген ыдыс-аяқтан немесе басқа да заттардан құралады. Бір жағынан натюрморт қозғалмайды. Сол себептен натюрмортты асықпай отырып қолдың икемділігін жаттықтыруға, түсініп, сызуға және де сурет техникасын жете меңгеруге таптырмайтын құрылым болып табылады. Ал, жануарларды салу, енді сурет салып, үйреніп келе жатқан оқушыға қиынға соғады. Өйткені олар натюрморт сияқты «өлі зат» емес, үнемі қозғалыста болады. Бейнелеу өнері сабағында тапсырманы түсіндірген кезде бейнеленіп отырған объектінің эстетикалық мазмұнының нақты ашылуының маңызы зор[6].

Қорыта келгенде бейнелеу өнері сабағында оқушыларға эстетикалық тәрбие беруде халық дәстүрлерін, ұлттық өнердің түрлерін көбірек пайдалану қажет. Себебі бастауыш мектеп жасындағы балаларды халқымыздың өнері, ұлттық ойындар және халық ертегілеріндегі кейіпкерлер бейнесі қызықтырады. Бейнелену өнері пәні сабағында эстетикалық талғамды қалыптастырып, негізі мынадай іс-әрекеттерге тоқталу қажет. Жаңа сабақты түсіндіру барысында көрнекіліктерді түрлендіре отырып, сұрақ-жауап, әңімелесу әдістерін қолдану. Сабақты ұлттық әдет-ғұрыптар мысалдарымен түрлендіріп жүргізу.

## Әдебиеттер

1. Аманжолов С. Эстетикалық тәрбие және халықтық бейнелеу өнері. - Қазақстан мектебі. 1990. - №12.
2. Әлібеков Ш. Жалпы білім беретін орта мектеп, эстетика пәні бағдарламасы. - Қазақстан мектебі. 1992. - №7, 8.
3. Байжігітов Б., Ибраева М. Эстетикалық оқу тәрбие жүйесі мәселелері. - Қазақстан мектебі. 2010. - №6.
4. Балкенов Ж. Сурет салуға үйрету. – Алматы, 1987.
5. Кузин В.С. Изобразительное искусство и методика его преподавания в школе. - Ангар, 1998.
6. Ералин Қ., Халмұратов Ж. Қазақстан бейнелеу өнерінің шеберлері. – Алматы, 1997.

Мирза Н.В., Иванова В.

*Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова*

## ДИАЛОГИЧЕСКОЕ ОБЩЕНИЕ КАК МЕТОД ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ

Выбрав для себя педагогическую профессию, учителю необходимо понимать, что в педагогическом процессе необходимо будет решать большое количество самых различных воспитательных задач, которые зачастую являются задачами социального управления, так как предусматривают гармоничное развитие личности. Чтобы быть уверенным в прогнозе результата, следует использовать безошибочные, проверенные, обоснованные решения. Учитывая это, педагог должен профессионально подбирать и владеть методами воспитания.

Методами воспитания называют способы профессионального взаимодействия педагога и учащихся, цель которых в решении образовательно-воспитательных задач. С помощью методов воспитания происходит взаимодействие воспитателя и воспитанников. Данное взаимодействие строится не на одинаковых началах, а под ведущей и направляющей роли педагога, который в свою очередь выступает руководителем и одновременно организатором педагогически целесообразной жизни и деятельности учащихся.

Метод состоит из ряда приемов, но сам он не является их совокупностью. Приемы определяют своеобразие методов работы учителя, придают индивидуальность манере его преподавания.

Часто приемы и сами методы сопоставляют со средствами воспитания, которые тесно связаны с ними в единстве. Средства включают в себя различные виды деятельности, совокупность предметов и произведений материальной и духовной культуры, привлекаемых и используемых в педагогической деятельности.

Воспитательный процесс, благодаря методам воспитания, приемам, средствам, характеризуется разносторонностью содержания воспитательной работы, мобильностью организационных форм. В этом помогает многообразие методов воспитания.

Существуют методы, отражающие содержание и специфику воспитания. К ним относятся такие методы, которые ориентированы непосредственно на работу с младшими или старшими школьниками. Встречаются также методы работы в каких-то специфических условиях. Есть и общие методы воспитания в системе образования. Таковыми их называют потому, что применяются они ко всему воспитательному процессу.

Современное образование требует новых методов, творческих подходов от педагога, содержательных форм и концептуальных путей в работе с детьми. Эти современные концепции отличаются тем, что учитывают и опираются на общечеловеческие ценности и цивилизованные формы жизнедеятельности.

Важную роль в процессе обучения играет диалогическое общение. Диалог – это совокупность психолого-педагогических методов, приёмов и способов побуждения учеников к мысли, действию, решению, поступку, воспитательное и целесообразное сочетание